

## **"Балқашмыс" акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 11 қыркүйек N 434-ө

"Балқашмыс" акционерлік компаниясын жекешелендіру туралы тендер жариялануына байланысты және "Ridder-Invest" инвестициялық компаниясына сырттай басқаруға берілген Шығыс Қазақстан облысының түсті металлургия кәсіпорындарынан шикізат жеткізілуінің қажеттігін ескере отырып, қайта құру рәсімдерін жүргізу кезеңінде "Балқашмыс" акционерлік компаниясының өндірістік қызметін қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Балқашмыс" акционерлік компаниясын жекешелендіру жөнінде тендер өткізу кезінде тендердің шарттарының бірі ретінде "Ridder-Invest" инвестициялық компаниясының басқаруына берілген кәсіпорындардан әкелінген шикізаттар үшін кредиттік берешектерді қайтаруды айқындасын.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті тендердің қорытындысы бойынша "Ridder-Invest" инвестициялық компаниясына қымбат металдардың жеткізілген күнгі бағалары мен шарттарына сәйкес құнын төлеуге кепілдіктер беру туралы шартты қосу арқылы жеңімпазбен контракт жасасын. Төлем жасауды контрактіге қол қойған уақыттан бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырсын.

Премьер-Министр